

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫ
«№6 «АҚКОҒЕРШІН» БӨБЕКЖАЙ-
БАЛАБАҚШАСЫ» МЕМЛЕКЕТТІК
КОММУНАЛДЫҚ ҚАЗЫНАЛЫҚ
КӘСІПОРЫН

031100, Хромтау қаласы
А.Алипов көшесі, 1 «А» үйі
Тел: 8 (71336) 25-5-02
e-mail: 6akkogershin@edu.kz



РЕСПУБЛИКА КАЗАХСТАН
АКТЮБИНСКАЯ ОБЛАСТЬ
ГОСУДАРСТВЕННОГО
КОММУНАЛЬНОГО КАЗЕННОГО
ПРЕДПРИЯТИЯ «ЯСЛИ-ДЕТСКИЙ САД
№6 «АҚКОҒЕРШІН»

031100, город Хромтау
ул. А.Алипова, дом 1 «А»
Тел: 8 (71336) 25-5-02
e-mail: 6akkogershin@edu.kz

БҮЙРЫҚ № 41 -н/к

« 02 » қыркүйек 2024 ж
Хромтау қаласы

Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес құру туралы

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңына, Қазақстан Республикасының «Педагог мәртебесі туралы» Заңына, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 11 мамырдағы №190 бұйрығымен бекітілген педагогикалық әдеп жөніндегі кеңестің жұмысын ұйымдастырудың үлгілік қағидаларына сәйкес **БҮЙЫРАМЫН:**

1. 2024-2025 оқу жылында №6 «Ақкоғершін» бөбекжай-балабақшасында педагогикалық әдеп кеңесі құрылсын.
2. Төмендегі комиссия құрамы бекітілсін:
 - 1) Умурзакова Г.Н - кеңес төрағасы, №6 «Ақкоғершін» бөбекжай-балабақшасының дене шынықтыру нұсқаушысы;
 - 2) Джаманова А.О- кеңес мүшесі, ардагер ұстаз;
 - 3) Истлеуов С.И- кеңес мүшесі, ардагер ұстаз, білім саласының майталманы;
 - 4) Мұқанбетова А.Қ- кеңес мүшесі, кәсіподақ төрағасы, тәрбиеші;
 - 5) Жанабаева Н.Б- кеңес мүшесі, музыка жетекшісі;
 - 6) Каримова Б.С- №6 Хромтау гимназиясының бастауыш сынып мұғалімі;
 - 7) Уразалина Г.Ж- Хромтау ауданының білім бөлімінің әдіскері.
3. Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңестің хатшысы №6 «Ақкоғершін» бөбекжай-балабақшасының тәрбиешісі Губайдуллина Эльмира Ерлановна тағайындалсын.
4. Кеңес отырысы бекітілген мерзіммен және үлгілік қағида шарттарының тәртібімен, құрылған жоспарға сәйкес өткізілсін.
6. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жауапкершілігін балабақша басшысы өзіме қалдырамын.

№6 «Ақкоғершін» бөбекжай-
балабақшасының басшысы:

К.Муринова

Таныстым:

Умурзакова Г.Н.
Джаманова А.О.
Истлеуов С.И.
Мұқанбетова А.Қ.
Жанабаева Н.Б.

Каримова Б.С.
Уразалина Г.Ж.

БЕКІТІЛДІ 
«Алтын Орда» балалар жайы
МҚКК
менгерушісі: К.Муринова

**2024-2025 оқу жылына арналған педагогикалық
әдеп жөніндегі кеңестің жоспары**

№	Мазмұны	Өтетін уақыты	Жауапты
1	Педагогикалық әдеп кеңесінің №1 отырысында қаралатын сұрақтар: 1. Мектепке дейінгі ұйымда педагогикалық әдеп жөніндегі кеңесті құру және кеңес мүшелерін бекіту. 2. 2024-2025 оқу жылына арналған педагогикалық әдеп жөніндегі жоспарды бекіту.	Қыркүйек айы	Муринова К.М
2	Педагогикалық әдеп кеңесінің №2 отырысында қаралатын сұрақтар: 1. Педагогикалық әдеп дегеніміз не? 2. Педагогтың құқықтар мен міндеттері.	Қараша айы	Муринова К.М
3	Педагогикалық әдеп кеңесінің №3 отырысында қаралатын сұрақтар: 1. Педагогикалық әдеп және шеберлік және оны меңгерудің жолдары мен бағыттары. 2. Педагогикалық мәдениетті сақтау.	Ақпан айы	Муринова К.М
4	Педагогикалық әдеп кеңесінің №4 отырысында қаралатын сұрақтар: 1. Педагогикалық әдеп және ұстаздық шеберлік. 2. Педагогикалық әдепті қамтамасыз ету және сақтау.	Сәуір айы	Муринова К.М

**«№6 «Ақкогершіні» бобекжай- балабакшасы» МКҚК
Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес отырысының**

№ 1 хаттамасы

Қатысқандар: 19 педагог

Откізілген күні: 16 қыркүйек 2024 жыл

Күн тәртібінде:

1. Мектепке дейінгі ұйымда педагогикалық әдеп жөніндегі кеңесті құру және кеңес мүшелерін бекіту.
2. 2024-2025 оқу жылына арналған педагогикалық әдеп жөніндегі жоспарды бекіту.

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша:

Мектепке дейінгі ұйымда педагогикалық әдеп жөніндегі кеңесті құру және кеңес мүшелерін бекіту туралы кеңес төрағасы Г.Умурзакова:

Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес – ұйымдағы педагогикалық әдеп қағидаларының сақталуын қадағалайтын, педагогтерге әдістемелік және кеңестік көмек көрсететін алқалы орган.

Кеңестің негізгі міндеттері:

- педагогикалық әдеп нормаларын түсіндіру және насихаттау;
- педагогтердің кәсіби мінез-құлық мәдениетін қалыптастыру;
- педагогикалық әдеп талаптарының сақталуына ықпал ету;
- ұжымда қолайлы моральдық-психологиялық ахуал қалыптастыру;
- педагогтердің құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауға жәрдемдесу;
- педагог мәртебесін арттыру бағытындағы жұмыстарды ұйымдастыру.

Кеңес құрамына тәжірибелі педагогтер, әдіскерлер, кәсіподақ ұйымының өкілдері және ұйым әкімшілігінің мүшелері енгізіледі. Кеңес мүшелері кәсіби беделі жоғары, педагогикалық әдеп талаптарын сақтайтын және ұжым арасында құрметке ие қызметкерлер қатарынан сайланады.

Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңестің тиімді жұмысы ұйымдағы тәртіпті нығайтып, педагогтердің кәсіби жауапкершілігін арттыруға мүмкіндік береді.

2024–2025 оқу жылына арналған педагогикалық әдеп жөніндегі жұмыс жоспарын бекіту туралы Г.Умурзакова сөз алды:

Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңестің жұмыс жоспары оқу жылы бойына жүргізілетін іс-шаралардың жүйелі орындалуын қамтамасыз етеді.

Жоспардың негізгі бағыттары:

- педагогикалық әдеп қағидаларын түсіндіру жұмыстарын жүргізу;
- педагогтердің кәсіби мәдениетін арттыруға бағытталған семинарлар, кеңестер ұйымдастыру;
- педагог мәртебесі туралы заң талаптарын түсіндіру;
- педагогтердің ата-аналармен және әріптестермен қарым-қатынас мәдениетін жетілдіру;

- педагогикалық әдеп мәселелері бойынша кеңестер өткізу;
- ұжымдағы жағымды психологиялық ахуалды нығайту;
- педагогтердің кәсіби имиджін қалыптастыруға ықпал ету.

Жоспардың орындалуы педагогтердің кәсіби этика талантарын сақтауына, білім беру ұйымының беделін арттыруға және сапалы тәрбие мен білім беру қызметін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Қорытынды

Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңестің құрылуы және оның жұмыс жоспарының бекітілуі – ұйымдағы кәсіби мәдениетті дамытудың маңызды қадамы. Әдептілік, жауапкершілік, өзара құрмет және ынтымақтастық қағидаларын басшылыққа алған педагогикалық ұжым ғана сапалы білім мен тәрбие беруде жоғары нәтижелерге қол жеткізе алады.

Сондықтан педагогикалық әдеп жөніндегі кеңестің жұмысына белсенді қатысып, белгіленген жоспардың орындалуына әрбір педагог жауапкершілікпен қарауы қажет.

Кеңес шешімі:

1. №6«Ақкөгершін» бөбекжай-бақшасындағы педагогикалық әдеп ережелері бекітілсін.
2. Педагогтың сыртқы келбеті мен кәсіби этикасы назарға алынып, күнделікті жұмыста басшылыққа алынсын.

Кеңес төрайымы:
Хатшы:



Умурзакова Г.Н.
Губайдуллина Э.Е.

**«№6 «Ақкогершін» бобекжай- балабақшасы» МКҚК
Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес отырысының**

№ 2 хаттамасы

Қатысқандар: 19 педагог

Өткізілген күні: 19 қараша 2024 жыл

Күн тәртібінде:

1. Педагогикалық әдеп дегеніміз не?
2. Педагогтың құқықтары мен міндеттері.

**Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша бойынша сөз алған
А.Джаманова:**

1. Педагогикалық әдеп дегеніміз не?

Педагогикалық әдеп – педагогтің кәсіби қызметінде басшылыққа алатын моральдық қағидалар мен мінез-құлық нормаларының жиынтығы. Ол педагогтің тәрбиеленушілермен, ата-аналармен, әріптестермен және қоғаммен қарым-қатынасында көрініс табады.

Педагогикалық әдептің негізгі мақсаты – педагог мамандығының беделін арттыру, ұжымда жағымды психологиялық ахуал қалыптастыру және білім беру процесінің барлық қатысушылары арасында өзара құрмет пен сенімді нығайту.

Педагогикалық әдептің негізгі қағидалары:

- адам құқықтары мен қадір-қасиетін құрметтеу;
- адалдық пен әділдік;
- жауапкершілік;
- мәдениетті қарым-қатынас;
- кәсіби құпияны сақтау;
- әріптестермен ынтымақтастық;
- балаларға камқорлық пен құрмет көрсету.

Әсіресе мектепке дейінгі ұйым педагогі әрдайым сабырлы, сыпайы, мейірімді болып, балаларға үлгі болуы тиіс. Баланың жеке тұлғасына құрметпен қарау, оның пікірін тыңдау және қолдау көрсету педагогикалық әдептің басты талаптарының бірі болып табылады.

**2. Педагогтың құқықтары мен міндеттері тақырыбында сөз алған
А.Мұқанбетова:**

Педагогтің кәсіби қызметін тиімді жүзеге асыруы үшін заңнамамен белгілі құқықтар берілген.

Педагогтың құқықтары:

- кәсіби қызметін еркін жүзеге асыру;
- кәсіби ар-намысы мен қадір-қасиетінің қорғалуына;

- шығармашылық бастамаларды жүзеге асыру;
- біліктілігін арттыруға;
- еңбек жағдайларының қауіпсіз болуына;
- марапаттар мен көтермелеулер алуға;
- кәсіби қызметіне заңсыз араласудан қорғалуға;
- кәсіби пікірін еркін білдіруге.

Сонымен қатар педагог білім беру процесін жетілдіруге қатысты ұсыныстар енгізуге және өзінің кәсіби деңгейін көтеруге құқылы.

Педагогтың міндеттері:

- тәрбиеленушілерге сапалы білім мен тәрбие беру;
- педагогикалық әдеп нормаларын сақтау;
- балалардың өмірі мен денсаулығының қауіпсіздігін қамтамасыз ету;
- тәрбиеленушілердің құқықтарын құрметтеу;
- кәсіби біліктілігін үнемі арттыру;
- білім беру ұйымының ішкі тәртіп ережелерін сақтау;
- ата-аналармен ынтымақтастық қарым-қатынас орнату;
- Қазақстан Республикасының білім беру саласындағы заңнамаларын орындау.

Педагогтың міндеттерін сапалы орындауы білім беру ұйымының беделін көтеріп, балалардың жан-жақты дамуына ықпал етеді.

Қорытынды

Педагогикалық әдеп – педагогтың кәсіби қызметінің негізі және оның тұлғалық мәдениетінің көрсеткіші. Ал педагогтың құқықтары мен міндеттері білім беру қызметінің сапалы жүзеге асырылуына жағдай жасайды. Әдептілік, жауапкершілік, кәсібилік және үздіксіз даму – заманауи педагогке қойылатын негізгі талаптар. Сондықтан әрбір педагог өз құқығын біліп, міндеттерін адал орындап, педагогикалық әдеп қағидаларын сақтауға ұмтылуы қажет.

Кеңес шешімі:

1. Педагогикалық қарым-қатынас мәдениетін сақтау барлық педагогтарға міндеттелсін.
2. Әріптестермен, ата-аналармен және тәрбиеленушілермен қарым-қатынаста әдептілік, сыйластық және кәсіби мәдениет қағидаттары басшылыққа алынсын.

Кеңес төрайымы:

Умурзакова Г.Н.

Хатшы:

Губайдуллина Э.Е.

«№6 «Ақкогершін» бобекжай- балабақшасы» МКҚК
Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес отырысының
№ 3 хаттамасы

Қатысқандар: 19 педагог

Откізілген күні: 10 ақпан 2025 жыл

Күн тәртібінде:

1. Педагогикалық әдеп және шеберлік және оны меңгерудің жолдары мен бағыттары.
2. Педагогикалық мәдениетті сақтау.

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша С.Истлеуов:

. Педагогикалық әдеп, шеберлік және оны меңгерудің жолдары мен бағыттары:

Педагогикалық әдеп – педагогтің кәсіби қызметіндегі адамгершілік қағидалар мен мінез-құлық нормаларының жиынтығы. Ал педагогикалық шеберлік – педагогтің білім беру мен тәрбиелеу үдерісін тиімді ұйымдастыра білу қабілеті.

Шебер педагог:

- балалардың жас ерекшеліктерін ескереді;
- тәрбиеленушілермен сенімді қарым-қатынас орнатады;
- оқу-тәрбие үдерісін қызықты ұйымдастырады;
- кәсіби білімін үнемі жетілдіріп отырады;
- жаңашылдыққа ұмтылады;
- педагогикалық әдеп қағидаларын сақтайды.

Педагогикалық шеберлікті меңгерудің негізгі жолдары:

Үздіксіз білім алу

Педагог әрдайым жаңа білімдерді меңгеріп, кәсіби құзыреттілігін арттыруы қажет. Біліктілікті арттыру курстары, семинарлар, вебинарлар мен конференциялар педагогтің кәсіби дамуына ықпал етеді.

Тәжірибе алмасу

Әріптестердің тәжірибесін зерттеу, ашық сабақтарға қатысу және шеберлік сағаттарын өткізу кәсіби шеберлікті жетілдірудің тиімді жолы болып табылады.

Өзін-өзі дамыту

Ғылыми-әдістемелік әдебиеттерді оқу, педагогикалық зерттеулермен танысу және заманауи технологияларды меңгеру педагогтің кәсіби деңгейін көтереді.

Рефлексия жасау

Өз жұмысын талдау, жетістіктері мен кемшіліктерін анықтау педагогтің кәсіби өсуіне мүмкіндік береді.

Педагогикалық шеберлік тәжірибе, үздіксіз ізденіс және кәсіби даму нәтижесінде қалыптасады.

2. Педагогикалық мәдениетті сақтау тақырыбында сөз салған Н.Жанабаева:

Педагогикалық мәдениет – педагогтің жалпы мәдениетінің, кәсіби құзыреттілігінің және адамгершілік қасиеттерінің жиынтығы. Ол педагогтің сөйлеу мәдениетінен, сыртқы келбетінен, қарым-қатынасынан және кәсіби әдебінен көрінеді.

Педагогикалық мәдениетті сақтаудың негізгі бағыттары:

- педагогикалық әдеп нормаларын сақтау;
- тәрбиеленушілерге құрметпен қарау;
- ата-аналармен және әріптестермен сыпайы қарым-қатынас орнату;
- сөйлеу мәдениетін жетілдіру;
- кәсіби беделді жоғары ұстау;
- ұжымда жағымды психологиялық ахуал қалыптастыру;
- ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарды дәріптеу.

Педагогикалық мәдениеті жоғары педагог өз ойын нақты жеткізе алады, қиын жағдайларда сабырлылық танытады және кәсіби қызметінде жоғары нәтижелерге қол жеткізеді.

Мектепке дейінгі ұйым жағдайында педагогикалық мәдениет балалардың тұлғалық дамуына тікелей әсер етеді. Сондықтан тәрбиеші әрдайым үлгі бола білуі тиіс.

Қорытынды

Педагогикалық әдеп, кәсіби шеберлік және педагогикалық мәдениет өзара тығыз байланысты ұғымдар. Әдептілігі жоғары, кәсіби шеберлігі қалыптасқан және мәдениеті дамыған педагог қана сапалы білім мен тәрбие бере алады. Сондықтан әрбір педагог өз білімін жетілдіріп, кәсіби шеберлігін шыңдап, педагогикалық мәдениетті сақтауға және дамытуға ұмтылуы қажет.

Кеңес шешімі:

1. Педагогикалық әдеп нормаларын сақтау барлық педагогтарға міндеттелсін.
2. Даулы жағдайларды шешуде этикалық қағидалар басшылыққа алынсын.
3. Ұжымда жағымды моральдық-психологиялық ахуал қалыптастыру жұмыстары жалғастырылсын.

Кеңес төрайымы:

Хатшы:



Умурзаквоа Г.Н.

Губайдуллина Э.Е.

**«№6 «Ақкөгершін» бобекжай- балабакшасы» МКҚК
Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес отырысының**

№ 4 хаттамасы

Қатысқандар: 19 педагог

Өткізілген күні: 18 сәуір 2025 жыл

Күн тәртібінде:

1. Педагогикалық әдеп және ұстаздық шеберлік.
2. Педагогикалық әдепті қамтамасыз ету және сақтау.

1. Педагогикалық әдеп және ұстаздық шеберлік тақырыбында сөз алған кеңес төрағасы Г.Умурзакова:

Педагогикалық әдеп – педагогтің кәсіби қызметінде ұстанатын моральдық қағидалары мен мінез-құлық нормаларының жиынтығы. Ол педагогтің тәрбиеленушілермен, ата-аналармен және әріптестермен қарым-қатынасында көрініс табады.

Ұстаздық шеберлік – педагогтің білім беру мен тәрбиелеу үдерісін тиімді ұйымдастыра білуі, кәсіби білімін тәжірибеде шебер қолдануы және балалардың жеке ерекшеліктерін ескере отырып жұмыс жүргізуі.

Ұстаздық шеберліктің негізгі белгілері:

- кәсіби құзыреттіліктің жоғары болуы;
- балалармен тиімді қарым-қатынас орната білу;
- педагогикалық әдеп нормаларын сақтау;
- шығармашылық пен жаңашылдыққа ұмтылу;
- ұйымдастырушылық қабілет;
- өзін-өзі дамытуға деген қажеттілік.

Шебер педагог әр баланың жеке ерекшелігін ескеріп, олардың қызығушылығын арттыратын әдіс-тәсілдерді қолданады. Ол тек білім беруші ғана емес, балалардың сенімді досы, бағыт-бағдар берушісі және үлгі тұтар тұлғасы бола алады.

Педагогикалық әдеп ұстаздық шеберліктің маңызды құрамдас бөлігі болып табылады. Әдепті педагог балалардың сеніміне ие болып, оқу-тәрбие үдерісінің нәтижелілігін арттыра алады.

2. Педагогикалық әдепті қамтамасыз ету және сақтау туралы сөз сөйлеген кеңес мүшесі Б.Каримова:

Педагогикалық әдепті қамтамасыз ету – білім беру ұйымындағы қолайлы моральдық-психологиялық ахуалды қалыптастырудың негізгі шарттарының бірі.

Педагогикалық әдепті сақтаудың негізгі бағыттары:

Баланың қадір-қасиетін құрметтеу

Әрбір тәрбиеленушінің жеке тұлға екенін мойындап, оның құқықтары мен мүдделерін қорғау педагогтің басты міндеті болып табылады.

Әріптестермен дұрыс қарым-қатынас орнату

Ұжымдағы өзара сыйластық пен қолдау кәсіби қызметтің тиімділігін арттырады. Педагог әріптестерінің пікіріне құрметпен қарап, ынтымақтастық қарым-қатынас орнатуы тиіс.

Ата-аналармен серіктестік қарым-қатынас жасау

Ата-аналармен ашық және сенімді байланыс орнату тәрбие жұмысының сапасын жақсартады. Педагог ата-аналармен сөйлесу барысында әдептілік пен кәсібилікті сақтауы қажет.

Сөйлеу мәдениетін сақтау

Педагогтің сөзі анық, сауатты және мәдениетті болуы тиіс. Әрбір айтылған сөз тәрбиелік мәнге ие екенін ұмытпау қажет.

Кәсіби жауапкершілік

Педагог өз міндеттерін адал орындап, педагогикалық этика талаптарын сақтауға міндетті.

Өзін-өзі жетілдіру

Педагогикалық әдепті сақтау үздіксіз кәсіби даму мен өзін-өзі тәрбиелеуді қажет етеді. Өз білімін жетілдіріп отыратын педагог кәсіби мәдениетін де жоғары деңгейде сақтай алады.

Кеңес шешімі:

1. Педагогтардың жеке тұлғалық дамуы мен өзін-өзі жетілдіру жұмыстары жүйелі түрде жүргізілсін.
2. Әдептілік қағидалары барлық педагогтар тарапынан қатаң сақталсын.
3. Білім беру мен тәрбие процесінде әдептілік мәдениеті басшылыққа алынсын.

Кеңес төрайымы:

Хатшы:



Умурзакова Г.Н.

Губайдуллина Э.Е.